

«Қиялдың шарықтауы» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Қиялдың шарықтауы» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалардың бейнелеу және сәндік-қолданбалы шығармашылығын, тұлғаның жеке қасиеттерін жан-жақты дамыту.

Міндеттері:

білім алушылардың шығармашылыққа қызығушылығын дамыту;
өскелең ұрпақтың бойына көркем шығармашылық аясындағы қазіргі жетістіктерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру;

қатысушылардың көркем шеберлігін арттыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 11 мамырдан 4 тамызға дейін** nt_ekotur@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2017 жылғы 4 тамыздан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломы, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 18 тамызда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Ұйымдастырушының байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқығы бар. Ұйымдастырушының шешімі бойынша байқауды өткізу мерзімін ұзарту туралы ақпаратты міндетті түрде әлеуетті қатысушыларға хабардар ете отырып, байқаудың өткізу, өзгерту туралы және қорытындыны орналастыру мерзімдерін мына сілтемеде көрсетіледі: www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Қиялдың шарықтауы» байқауы → әрі қарай.

7. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733
ИИК KZ918560000005068448
БИК КСJBKZKX
Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО БанкЦентрКредит

Төлемақының мақсаты: «Қиялдың шарықтауы» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету қажет.

9. Байқауға қатысу үшін міндетті түрде келесі құжаттарды:

- 1) кестеге сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген түбіртек немесе төлем тапсырмасын;
- 3) электронды түрде байқау жұмысын **nt_ekotur@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

3. Байқау талаптары

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 6-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатысады:

мектепке дейінгі жас санаты: 6 жасқа дейін;

7-10 жастағы кіші жас санаты;

11-14 жастағы орта жас санаты;

15-18 жастағы жоғарғы жас санаты.

12. **Сурет байқауының номинациялары: «Жазғы ермектер», «Менің сүйікті ертегі кейіпкерім».**

Кез-келген материалда орындалған суреттер (ватман, қатырма, кенеп және тағы басқа) және кез-келген техникамен салынған (май, акварель, тушь, түрлі-түсті қарындаштар, борлар және тағы басқа) болуы мүмкін.

Байқауға ұсынылған жұмыстар суретке түсіріліп, JPEG форматында электронды түрде ұсынылуы керек. Суреттер кезеңмен орындалған жұмысты бейнелейді. Суреттің көлемі 4 данадан кем емес болуы тиіс.

11. Байқауда бір қатысушы бір номинация немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

12. Бағалау өлшемдері:

шығармашылық көзқарас;

тақырыпқа сәйкестігі;

көркемдік талғам, түпнұсқалық;

эстетикалық түр және жұмысты рәсімдеу;

сапалы орындау және ұқыптылық;

бұйымның және көркем жұмыстың күрделілігі.

13. Байқау жұмысының беткі парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;

автордың аты-жөні;
e-mail, байланыс мәліметтері;
жетекшінің аты-жөні, тегі;
жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

14. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Қиялдың шарықтауы» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Қиялдың шарықтауы» байқауы → жалғасы. «Жасыл ғаламшар» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/greenplanetkz>).

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет байқауына қатысу өтінімі

Қатысушының аты-жөні, тегі	Жасы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы, сыныбы, курсы	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың атауы	Байланыс мәліметі (ұялы телефон, эл. адресі)	Жетекшінің аты-жөні, тегі (толық), егер бар болса, жұмыс орны мен қызметі	Жетекшінің байланыс мәліметі (ұялы телефоны, эл. адресі)
1	2	3	4	5	6	7